

"ҚАЗАҚСТАН ҚОР БИРЖАСЫ" АҚ

"Бағалық қағаздардың орталық
депозитарийі" АҚ

2022 жылдың 03 маусымында

к е л і с і л д і

Басқарма Төрағасы

А.Н. МҰХАМЕДЖАНОВ

"Қазақстан қор биржасы" АҚ
Директорлар кеңесінің шешімімен

(2022 жылдың 01 шілдесіндегі
№ 21 шешімі)

б е к і т і л д і

2022 жылдың 01 шілдесінен бастап

қолданысқа енгізілді

Бағалы қағаздарға жазылым жүргізудің ЕРЕЖЕЛЕРІ

ТҮЗЕТУЛЕР ПАРАҒЫ

1. № 1 өзгертулер:

- "Қазақстан қор биржасы" АҚ Директорлар кеңесінің шешімімен бекітілді (2023 жылдың 01 наурызындағы № 6 отырыс хаттамасы);
- 2023 жылдың 02 наурызынан бастап қолданысқа енгізілді.

2. № 2 өзгертулер мен толықтырулар:

- "Қазақстан қор биржасы" АҚ Директорлар кеңесінің шешімімен бекітілді (2023 жылдың 26 шілдесіндегі № 18 отырыс хаттамасы);
- 2023 жылдың 25 қыркүйегінен бастап қолданысқа енгізілді.

Осы Ережелер Қазақстан Республикасының заңнамасына, "Қазақстан қор биржасы" АҚ (бұдан әрі – Биржа) ішкі құжаттарына сәйкес әзірленді және бағалы қағаздарға Биржа арқылы жазылым жүргізудің (бұдан әрі – жазылым жүргізу) негізгі шарттары мен тәртібін анықтайды.

1 бап. Негізгі ұғымдар, терминдер және шартты белгілер

1. Осы Ережелерде пайдаланылатын ұғымдар мен терминдер Қазақстан Республикасының заңнамасында және Биржаның басқа да ішкі құжаттарында анықталған ұғымдар мен терминдерге ұқсас.
2. Осы Ережелердің мақсаттары үшін:
 - 1) өтінім деп сатып алушы берген бағалы қағаздарды сатып алуға арналған өтінім түсініледі;
 - 2) инвестор деп жазылым кезінде бағалы қағаздарды сатып алу бойынша Биржа мүшесінің қызметін пайдалануға ниетті жеке немесе заңды тұлға түсініледі;
 - 3) сатып алушы деп бағалы қағаздарды сатып алушы ретінде, оның ішінде өз клиенттерінің атынан жазылым жүргізуге қатысатын "қор" санатындағы Биржа мүшесі түсініледі;
 - 4) сатушы деп бағалы қағаздарды сатушы ретінде, оның ішінде өз клиенттерінің атынан жазылым жүргізуге қатысатын "қор" санатындағы Биржа мүшесі немесе "қор" санатындағы Биржа мүшелерінің консорциумы түсініледі;
 - 5) сатып алушылар арасында бағалы қағаздарды бөлу деп сатушының осы өтінімдер қанағаттандырылуға жататын сатып алушылар өтінімдерінің шекті шамаларын (бағалы қағаздардың бағасы мен санын) анықтауы түсініледі;
 - 6) қабылданған өтінімдер тізілімі деп Биржа жазылым жүргізу кезінде сатып алушылардан қабылдаған және сатушыға берілетін өтінімдердің қорытынды тізіміне енгізілген өтінімдер тізбесі түсініледі;
 - 7) қанағаттандырылған өтінімдердің тізілімі деп Биржа жазылым жүргізу кезінде сатушыдан алған қанағаттандырылуға жататын өтінімдердің тізбесі түсініледі.

2 бап. Жазылым жүргізудің жалпы шарттары

1. Сатушының өтінішінде көрсетілген таңдауына қарай жазылым ОК-пен сауда-саттық тәртіптемесінде, теңгемен немесе АҚШ долларымен есеп айырыса отырып, немесе ОК-пен сауда-саттық тәртіптемесінде, жүргізіледі.
- 1-1. Қандай да бір бағалы қағаздарға жазылу бір мезгілде ОК-мен сауда-саттық тәртіптемесінде де, ОК-сыз сауда-саттық тәртіптемесінде де жүргізілуі мүмкін, бұл ретте мұндай сауда-саттық осы бағалы қағаздарға бірыңғай жазылу болып танылады *(осы тармақ Биржаның Директорлар кеңесінің 2023 жылдың 26 шілдесіндегі шешімімен енгізілген)*.
2. Жазылуды жүргізу кезінде "Бағалы қағаздардың орталық депозитарийі АҚ-мен (бұдан әрі – Орталық депозитарий) электрондық құжаттар алмасуды Орталық депозитариймен жасалған тиісті келісім-шарт негізінде клирингтік ұйым жүзеге асырады *(осы тармақ Биржаның Директорлар кеңесінің 2023 жылдың 01 наурызындағы және 2023 жылдың 26 шілдесіндегі шешімімен өзгертілген)*.
3. Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес жеке орналастыруға жататын бағалы қағаздар бойынша жазылымды жүргізген кезде жазылымға қатысушы Биржа мүшелері (жазылымды ұйымдастырушы Биржа мүшесін

қоспағанда) өз атынан және білікті инвесторлар¹ болып табылатын өз клиенттерінің атынан өтінімдер бере алады. Биржа мүшелері өз клиентінің білікті инвестор ретіндегі мәртебесін тексеруді дербес жүзеге асырады. Биржа мүшелерінің осы талапты сақтамағаны үшін Биржа жауап бермейді.

Жеке орналастыру арқылы жазылымға қатысатын инвесторлардың ең көп саны 50 инвестордан аспауы мүмкін.

4. Сатушы ретінде "қор" санатындағы Биржа мүшелерінің консорциумы ретінде әрекет ете алады, бұл ретте осындай консорциумға қатысушылар осындай бірлестікке кіретін Биржа мүшесін дербес анықтайды, ол жазылуды жүргізу кезінде оның атынан Биржамен өзара іс-қимыл жасайды, осындай жазылуды жүргізуді ұйымдастырғаны үшін Биржаның комиссиялық алымын төлейді және жазылуды жүргізу кезінде Биржамен өзара іс-қимыл барысында алынатын ақпаратты тиісінше таратпағаны үшін және консорциумға қатысушылармен Биржамен өзара іс-қимыл жасау кезінде өз іс-әрекеттерін келісу үшін жауапты болады *(осы тармақ Биржаның Директорлар кеңесінің 2023 жылдың 01 наурызындағы және 2023 жылдың 26 шілдесіндегі шешімімен өзгертілген)*.
5. Жазылым кезінде Биржа сатып алушылар арасында бағалы қағаздарды бөлу процесіне қатыспайды және осындай бөлу үшін жауапты болмайды.
6. Жазылым жүргізу кезінде мәмілелер бойынша есеп айырысулар, есеп айырысуларды жүзеге асыру күні мәмілелер жасалған күннен өзгеше болуы мүмкін есеп айырысулармен бірге ОК-сыз сауда-саттық тәртіптемесінде жүргізілетін жазылымды қоспағанда, олар жасалған күні жүзеге асырылады.
7. Орталық депозитарий ОК-мен сауда-саттық тәртіптемесінде жазылу нәтижелері бойынша жасалған мәмілелер бойынша есеп айырысуды Орталық депозитарий осы клирингтік ұйымымен жасасқан келісім-шартпен өзара іс-қимыл реттелетін клирингтік ұйымының бұйрықтары негізінде оның ережелер жинағына сәйкес жүзеге асырады *(осы тармақ Биржаның Директорлар кеңесінің 2023 жылдың 26 шілдесіндегі шешімімен өзгертілген)*.
8. ОК-сыз сауда-саттық тәртіптемесінде жазылу нәтижелері бойынша жасалған мәмілелер бойынша есеп айырысулар:
 - 1) өзінің ережелер жинағына сәйкес клирингтік ұйымның бұйрықтары негізінде өзара іс-қимылы Орталық депозитарий осы клирингтік ұйыммен жасасқан келісім-шартпен реттелетін Орталық депозитарий, немесе
 - 2) Орталық депозитарийден басқа ұйым арқылы жүзеге асырылуы мүмкін. Бұл ретте Биржа және клирингтік ұйым мәмілелер бойынша есеп айырысу процесіне қатыспайды және осындай есеп айырысуларға байланысты қандай да бір қызметтер көрсетпейді.*(Осы тармақ Биржаның Директорлар кеңесінің 2023 жылдың 26 шілдесіндегі шешімімен өзгертілген)*
9. *(Осы тармақ Биржаның Директорлар кеңесінің 2023 жылдың 01 наурызындағы шешімімен алынып тасталған)*.
10. Сауда-саттық бөлімшесіне жетекшілік ететін Биржаның Басқарма мүшесінің шешімі бойынша сатушының жазбаша өтініші берілген жағдайда, жазылымды өткізу шарттары өзгертілуі немесе оны өткізудің өзге шарттары мыналар сақталған кезде белгіленуі мүмкін:

¹ Инвесторларды білікті деп танудың тәртібі мен шарттары Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкі Басқармасының 2012 жылдың 24 ақпанындағы №78 қаулысымен бекітілген Бағалы қағаздар нарығында брокерлік және (немесе) дилерлік қызметті жүзеге асыратын ұйымдардың жеке және институционалдық инвесторларды білікті инвесторлар деп тану ережелерінде анықталады.

- 1) енгізілетін өзгерістер немесе қосымша шарттар осы Ережелерге қайшы келмейді;
- 2) Орталық депозитариймен ақпарат алмасуға байланысты жазылу шарттарына өзгерістер Орталық депозитариймен келісім бойынша өтінімдерді қабылдау басталғанға дейін бір жұмыс күнінен кешіктірілмей белгіленеді.

(Осы тармақ Биржаның Директорлар кеңесінің 2023 жылдың 01 наурызындағы шешімімен өзгертілген)

11. Биржа Орталық депозитарийді және "қор" санатындағы Биржа мүшелерін жазылым шарттарының өзгергені туралы дереу хабардар етеді.

3 бап.

Жазылым жүргізуге өтініш

1. Жазылым жүргізуді ұйымдастыру үшін сатушы осы Ережелердің 1 қосымшада қарастырылған нысан бойынша өтінімді (бұдан әрі – өтініш) өтінімде көрсетілген өтінімдерді қабылдау кезеңінің басталу күніне дейін үш жұмыс күнінен кешіктірмей (осы баптың 7 тармағында белгіленген жағдайларды қоспағанда) Биржаға беруі тиіс.
- 1-1. Осы Ережелердің 2 бабының 1-1 тармағына сәйкес сауда-саттықтың екі тәртіптемесінде бір мезгілде жазылу жүргізілген жағдайда сатушы сауда-саттықтың әрбір тәртіптемесі үшін тиісті өтініштер жіберуге тиіс *(осы тармақ Биржаның Директорлар кеңесінің 2023 жылдың 26 шілдесіндегі шешімімен енгізілген)*.
2. Өтінішті алған кезде сауда-саттық бөлімшесі осы жазылымның параметрлері мен шарттарының Биржаның осы Ережелері мен техникалық мүмкіндіктеріне сәйкестігін тексереді және жүргізілген тексеру туралы қызметтік жазбаны осы бөлімшеге жетекшілік ететін Биржа Басқармасының мүшесіне жібереді, ол өтінішті алған күннен кейінгі жұмыс күнінен кешіктірмей жазылымды өткізу туралы немесе оны өткізудің мүмкін еместігі туралы шешім қабылдайды *(осы тармақ Биржаның Директорлар кеңесінің 2023 жылдың 01 наурызындағы шешімімен өзгертілген)*.
3. Егер есеп айырысуды жүзеге асыратын ұйым Орталық депозитарий болып табылған жағдайда, Биржа орталық депозитарийге одан келісім алу үшін өтініш жібереді.:
 - 1) егер өтініште осындай тексерулер көзделсе, сатушы белгілеген критерийлер бойынша тексерулерді жүзеге асыру және
 - 2) егер сатушының өтінішінде осындай ақпаратты ұсыну қарастырылса, инвесторлардың деректемелері туралы қосымша ақпарат беру *(осы тармақша Биржаның Директорлар кеңесінің 2023 жылдың 01 наурызындағы шешімімен өзгертілген)*.
4. Орталық депозитарий Биржадан өтінішті алған күннен кейінгі жұмыс күнінен кешіктірмей оны осы өтінішті қарау нәтижелері туралы хабардар етеді *(осы тармақ Биржаның Директорлар кеңесінің 2023 жылдың 26 шілдесіндегі шешімімен өзгертілген)*.
5. Орталық депозитарийден осы баптың 4 тармағында Биржаның өтінішін қараудың оң нәтижесін алған жағдайда, Биржаның сауда-саттықты ұйымдастыру мен өткізуге жауапты бөлімшесі осы баптың 4 тармағына сәйкес орталық депозитарийден хабарлама алған күннен кейінгі жұмыс күнінен кешіктірмей, жазылуға бірегей нөмір береді, бұл туралы Орталық депозитарийге хабарлайды, сондай-ақ өзінің интернет-ресурсында жазылуды жүргізу туралы ақпараттық хабарламаны, жеке орналастыруға жататын бағалы қағаздар бойынша жазылу жүргізуді қоспағанда, оның параметрлері мен шарттары туралы мәліметтерді жариялайды. Мұндай жазылуға қатысты Биржа өзінің интернет-ресурсында жазылуды жүргізу

туралы қандай да бір ақпаратты жарияламайды *(осы тармақ Биржаның Директорлар кеңесінің 2023 жылдың 26 шілдесіндегі шешімімен өзгертілген)*.

- Егер осы баптың 2 тармағына сәйкес жазылу жүргізуден бас тарту туралы шешім қабылданған не Орталық депозитарийден осы Ережелердің 4 тармағында көрсетілген Биржаның өтінішін қараудың теріс нәтижесін алған жағдайда, Биржаның сауда-саттықты ұйымдастыру мен өткізуге жауапты бөлімшесі бұл туралы сатушыны хабардар етеді *(осы тармақ Биржаның Директорлар кеңесінің 2023 жылдың 26 шілдесіндегі шешімімен өзгертілген)*.
- Егер бір мезгілде Қазақстан Республикасының ұйымдастырылған бағалы қағаздар нарығында және Қазақстан Республикасынан басқа мемлекеттің аумағында жазылым жүргізу жоспарланған жағдайда, сатушы Биржаға Қазақстан Республикасынан басқа мемлекеттің аумағында осындай кездесулерді өткізу туралы ақпаратты жариялаумен бір мезгілде жоспарланған жазылым жүргізу шеңберінде инвесторлармен кездесулер өткізу туралы хабарлама беруі тиіс.

Осы жазылымды жүргізген жағдайда және оны өткізу нәтижелері бойынша есеп айырысуларды Орталық депозитарийден басқа өзге ұйым арқылы жүзеге асырған кезде сатушы өтінім қабылдау басталатын күнге дейін бір жұмыс күнінен кешіктірмей Биржаға оның параметрлері мен шарттарын көрсете отырып, жазылым жүргізу ниеті туралы хатты және өтінімдерді қабылдау кезеңі басталғанға дейін 30 минуттан кешіктірмей – осы жазылымды өткізу туралы өтініш беруі тиіс.

- Осы баптың 7 тармағының бірінші абзацына сәйкес хабарлама алғаннан кейін Биржа өзінің интернет-ресурсында тиісті ақпараттық хабарлама жариялайды.

Осы баптың 7 тармағының екінші абзацына сәйкес өтінішті алғаннан кейін Биржа өзінің интернет-ресурсында жазылым жүргізу, оның параметрлері мен шарттары туралы ақпараттық хабарлама жариялайды.

4 бап. Өтінімдерді қабылдау

- Өтінімдерді қабылдау кезеңінің басталуымен сатып алушылар сатушы өтініште көрсеткен жазылым шарттарын сақтай отырып, өтінім беру құқығын алады.

Жеке орналастыруға жататын бағалы қағаздар бойынша жазылымға берілетін өтінімнің ең аз көлемі 100 000 теңгені құрайды.

- Бақылау және қамтамасыз ету жүйесін пайдаланушылар бақылайтын сауда-клиринг шоттарын пайдалана отырып, сауда-клирингілік жүйесінде берілген өтінімдер, қажет болған жағдайда, өтінімдерді іске қосу² уақытынан және өтінімдерді қабылдау кезеңі аяқталғаннан кейінгі сатушының өтінішінде белгіленген уақыттан кейін осы пайдаланушылардың растауынан бас тартуға жатады.

Бақылау және қамтамасыз ету жүйесін пайдаланушы растаудан бас тартқан өтінім қабылданған өтінімдер тізіліміне енгізілмейді және қанағаттандырылуға жатпайды.

- Өтінімдерді қабылдау кезеңі ішінде сатып алушылардың өз өтінімдерін өзгертуіне және алып тастауына жол беріледі.

² Мұнда және одан әрі өтінімді іске қосу деп сауда-клиринг жүйесінің командасы түсініледі, оны орындау нәтижесінде нарықтық өтінім бойынша бағалы қағаздардың саны есептеледі, сондай-ақ барлық берілген өтінімдер белсенді және оларды қанағаттандыру үшін қол жетімді болады.

Сатушының қандай да бір сатып алушының өтінімін оларды іске қосқан уақыттан кейін өтінімдерді қабылдау кезеңі ішінде алып тастауына жол беріледі.

4. ОК-пен сауда-саттық тәртіптемесінде жазылым жүргізілген жағдайда сауда-клиринглік жүйе осы Ережелердің 5 бабының 2 тармағына сәйкес сатып алушылардың шоттарындағы ақшаны қамтамасыз ету ретінде бұғаттайды.
Сауда-саттық тәртіптемесінде ОК-сыз жазылым жүргізілген жағдайда, қамтамасыз етуді бұғаттау жүзеге асырылмайды.
5. Егер сауда-клиринглік жүйесінде нарықтық өтінімдер тіркелген жағдайда, бұл ретте:
 - 1) сауда-саттық тәртіптемесінде ОК-сыз жазылым жүргізу кезеңі бір сауда-саттық күнін құрайды, сатушы өтінімдерді іске қосу уақытына дейін Биржаға әрбір нарықтық өтінім үшін бағалы қағаздардың саны есептелетін және осы өтінімдер қанағаттандырылатын бағаны ұсынуы тиіс;
 - 2) ОК-пен сауда-саттық тәртіптемесінде немесе ОК-сыз сауда-саттық тәртіптемесінде жазылу кезеңі бір сауда-саттық күнінен асады, Биржа бағалы қағаздың бағасы ретінде әрбір нарықтық өтінім үшін бағалы қағаздар санын есептеу мақсатында бірлікті пайдаланады, бұл ретте мұндай бағалы қағаздардың саны өтінімдерді белсендіру кезінде есептеледі (*осы тармақша Биржаның Директорлар кеңесінің 2023 жылдың 01 наурызындағы шешімімен өзгертілген*);
 - 3) ОК-пен сауда-саттық тәртіптемесінде жазылу кезеңі бір сауда күнін құрайды, Сатушы қамтамасыз етуді тексеру және бұғаттау уақытына дейін биржаға өтінімдерді белсендіру кезінде әрбір нарықтық өтінім үшін бағалы қағаздар саны есептелетін және осы өтінімдер қанағаттандырылатын бағаны ұсынуы тиіс (*осы тармақша Биржаның Директорлар кеңесінің 2023 жылдың 01 наурызындағы шешімімен өзгертілген*).
6. Жазылым жүргізу кезінде сатушы сатып алушылар берген барлық өтінімдер бойынша сауда-клиринглік жүйесіндегі ақпаратқа ие болады.
7. Егер сатып алушылар бірде-бір өтінім бермесе, жазылым жүргізілмеді деп танылады және жарияланады.

5 бап.

Өтінімдерді қамтамасыз ету

1. Сауда-клиринглік жүйесі автоматтандырылған тәртіптемеде сатып алушы берген әрбір өтінімді толық қамтамасыз етудің жеткіліктілігіне тексеруді жүзеге асырады:
 - 1) сауда-саттық тәртіптемесінде сауда-саттық жүргізу кезінде-сатушының өтінішінде белгіленген уақыт кезеңінде:
сатып алушы өтінім берген сәтте немесе
бөлек белгіленген уақытта;
 - 2) сауда-саттық тәртіптемесінде ОК-сыз жазылым жүргізу кезінде – мәмілелер жасасу кезінде.
2. Қамтамасыз етудің жеткіліктілігіне өтінімдерді тексеру және сауда-саттық тәртіптемесінде жазылым жүргізу кезінде мұндай қамтамасыз етуді бұғаттау былайша жүзеге асырылады:
 - 1) қамтамасыз етудің жеткіліктілігін тексеру уақытына дейін қамтамасыз етілмеген өтінім беруге жол беріледі;

- 2) қамтамасыз етудің жеткіліктілігін тексеру сәтінде сауда-клирингілік жүйесі қамтамасыз етудің жеткілікті көлемі жоқ сауда-клирингілік шоттары бойынша берілген сатып алушылардың өтінімдерін жояды;
- 3) қамтамасыз етудің жеткіліктілігін тексеру уақытынан кейін тек толық қамтамасыз етілген өтінім беруге жол беріледі;
- 4) сатушының өтінімдерін қамтамасыз етудің жеткіліктілігіне тексеру мәмілелер жасалған сәтте жүзеге асырылады;
- 5) сатып алушының өтінімдер бойынша қамтамасыз ету болып табылатын ақшасы жасалған мәмілелер бойынша есеп айырысуды жүзеге асыру кезеңіне дейін осындай сатып алушының сауда-клирингілік шотында өтініште белгіленген уақытта бұғатталады;
- 6) қандай да бір өтінімді қамтамасыз етуді бұғаттау осындай өтінімнің сомасы мөлшерінде жүзеге асырылады;
- 7) сатып алушы өтінімді алып тастаған жағдайда, сауда-клирингілік жүйесі сауда-клирингілік шотынан осы тармақтың 6) тармақшасына сәйкес есептелген осындай өтінім мөлшерінде бұғаттауды алып тастайды.

6 бап. Өтінімдердің критерийлерге сәйкестігін тексеру

Өтінімдердің өлшемшарттарға сәйкестігін тексеру бағалы қағаздарға жазылу шарттарында Орталық депозитарий арқылы есеп айырысуды жүзеге асыру көзделген жағдайда ғана жүзеге асырылады. Бұл ретте [\(осы абзац Биржаның Директорлар кеңесінің 2023 жылдың 01 наурызындағы шешімімен өзгертілген\)](#):

- 1) клирингілік ұйым өтінімдерді сауда-клирингілік жүйеде тіркегеннен кейін өтінімдерді қабылдау кезеңі аяқталғаннан кейін оларды қажетті тексеруді жүзеге асыру үшін Орталық депозитарийге жібереді [\(осы тармақша Биржаның Директорлар кеңесінің 2023 жылдың 26 шілдесіндегі шешімімен өзгертілген\)](#);
- 2) егер өтінім сатушы белгілеген критерийлерге сәйкес келмесе, онда ол сауда-клирингілік жүйесімен кері қайтарылады;
- 3) сатып алушы Орталық депозитарийде сатушы белгілеген өлшемдерге сәйкестігіне тексеруден өткен өтінімді алып тастаған жағдайда клирингілік ұйым бұл туралы Орталық депозитарийге хабарлайды [\(осы тармақша Биржаның Директорлар кеңесінің 2023 жылдың 26 шілдесіндегі шешімімен өзгертілген\)](#).

7 бап. Инвесторлар туралы қосымша ақпаратты ашу

1. Биржа инвесторлардың деректемелері³ туралы қосымша ақпаратты, егер жазылымды жүргізу шарттарында Орталық депозитарий арқылы жазылу нәтижелері бойынша жасалған мәмілелер бойынша есеп айырысуды жүзеге асыру көзделген болса ғана ұсынады.
2. Сатып алушы сауда-клирингілік жүйеге өтінім бере отырып, инвесторлардың деректемелері туралы қосымша ақпаратты ашуға сөзсіз келісінмін білдіреді, оның дұрыстығына жауап береді, сондай-ақ осындай ақпаратты ашуға осы инвесторлардың қажетті келісімдерін алғанын растайды.

³ Инвесторлардың деректемелері туралы қажетті қосымша ақпараттың тізбесі сатушының өтінішінде көрсетіледі [\(осы сілтеме Биржаның Директорлар кеңесінің 2023 жылдың 01 наурызындағы шешімімен өзгертілген\)](#).

3. Сатып алушылардың өтінімдері сауда-клирингтік жүйесінде тіркелгеннен кейін:
 - 1) клирингтік ұйым осындай өтінімдер бойынша Орталық депозитарийге инвесторлардың деректемелері туралы қосымша ақпаратты ашуға сұрау салуды жібереді *(осы тармақша Биржаның Директорлар кеңесінің 2023 жылдың 26 шілдесіндегі шешімімен өзгертілген)*;
 - 2) инвесторлардың деректемелері туралы қосымша ақпарат болған жағдайда Орталық депозитарий оны клирингтік ұйымға сұрау салуға жауап ретінде жібереді, немесе *(осы абзац Биржаның Директорлар кеңесінің 2023 жылдың 26 шілдесіндегі шешімімен өзгертілген)*
Орталық депозитарийде инвесторлардың деректемелері туралы қосымша ақпарат болмаған жағдайда, өтінімдерді қабылдау кезеңі аяқталғаннан кейін бұл ақпаратты сатып алушы Биржаға берілетін деректердің құпиялылығын қамтамасыз ететін веб-модуль арқылы Биржаның интернет-ресурсында орналастырылған нысанға сәйкес жібереді;
 - 3) осы тармақтың 2) тармақшасына сәйкес алынған инвесторлардың деректемелері туралы қосымша ақпаратты Биржа сатушыға және бағалы қағаздар эмитентіне ашады.
4. Егер жазылымды жүргізу шарттарында Орталық депозитарийден басқа өзге де ұйым арқылы жазылу нәтижелері бойынша жасалған мәмілелер бойынша есеп айырысуларды жүзеге асыру және инвестор туралы қосымша ақпарат беру көзделсе, онда сатып алушы өтінім бере отырып, өтінімдерді қабылдау кезеңі аяқталғаннан кейін Биржаға осындай ақпаратты береді.
Сатып алушыдан инвестор туралы қосымша ақпарат негізінде Биржа мұндай ақпаратты сатушыға және бағалы қағаздар эмитентіне ашады.

(Осы бап Биржаның Директорлар кеңесінің 2023 жылдың 01 наурызындағы шешімімен өзгертілген)

8 бап. Қабылданған өтінімдер тізілімі

1. Өтінімдерді қабылдау кезеңі аяқталған күннен кейінгі жұмыс күнінен кешіктірмей Биржа осы Ережелердің 2 қосымшасының нысаны бойынша қабылданған өтінімдердің тізілімін жасайды және оны сатушыға береді.
2. Қабылданған өтінімдер тізіліміне енгізілмейді:
 - 1) егер мұндай тексеру жазылым жүргізу шарттарында қарастырылған болса, сатушы белгілеген критерийлерге сәйкестігіне тексеруден өтпеген өтінімдер;
 - 2) бақылау және қамтамасыз ету жүйесінің пайдаланушысы растаудан бас тартқан өтінімдер;
 - 3) өтінімдерді қабылдау кезеңінде жойылған өтінімдер.
3. Қабылданған өтінімдер тізілімін сатушыға беру берілетін деректердің құпиялылығын және түзетілмейтіндігін қамтамасыз ететін криптографиялық қорғау құралдары бар ақпаратты кепілді жеткізудің тасымалдау жүйесін пайдалана отырып, .xml немесе .xls форматында электрондық түрде жүзеге асырылады.
4. Қабылданған өтінімдер тізілімінде көрсетілген және сатушыға берілетін ақпарат құпия болып табылады және осындай ақпаратты ашу және осы ашудың кез келген ықтимал салдары үшін дербес жауапты болатын сатушы мен эмитенттің назарына арналған.

9 бап. Қанағаттандырылған өтінімдер тізілімі

1. Қанағаттандырылған өтінімдер тізілімін сатушы биржадан алынған қабылданған өтінімдер тізілімінен қалыптастырады, онда сатушы әрбір өтінімнің бағасын және осы өтінім бойынша сатып алушыға сатқысы келетін бағалы қағаздардың санын көрсетеді.
2. Сатушы сатып алушылардың барлық немесе жекелеген өтінімдерін қанағаттандырмауға, сондай-ақ өтінімдердің кез келгенін толық көлемде қанағаттандырмауға құқылы.

Жеке орналастыруға жататын бағалы қағаздар бойынша жазылым жүргізу кезінде сатушы 50-ден аспайтын инвесторлардың өтінімдерін қанағаттандыруға құқылы.

3. Сатушы өтініште көрсетілген мерзімде, бірақ өтінімдерді қанағаттандыру күніне дейін бір жұмыс күнінен кешіктірмей, қанағаттандырылған өтінімдер тізілімін берілетін деректердің құпиялылығын және түзетілмейтіндігін қамтамасыз ететін криптографиялық қорғау құралдары бар ақпаратты кепілді жеткізудің тасымалдау жүйесін пайдалана отырып, .xml немесе .xls форматында электрондық түрде Биржаға береді.

Сатушы жазылым жүргізуден (сатушының жазылым өткізілмеді деп жариялауы) бас тартқан жағдайда, ол бұл туралы осы тармақтың бірінші абзацында анықталған мерзімде, жазылым жүргізуден (жазылым жүргізілмеді деп жариялауы) бас тарту себебін көрсете отырып, Биржаға жазбаша түрде хабарлайды.

4. Биржаның қанағаттандырылған өтінімдер тізілімін алуы сатушының қанағаттандырылған өтінімдер тізілімінде көрсетілген параметрлерге сәйкес мәмілелер жасасуға толық келісімін білдіреді.
5. Биржа параметрлердің өзгеруі және/немесе ол қабылдаған өтінімдер саны тұрғысынан қанағаттандырылған өтінімдер тізілімін тексереді.

Осы тармақтың бірінші абзацында көрсетілген тексеру нәтижелері бойынша сәйкессіздіктер анықталған кезде немесе қабылданған файл бүлінген кезде (файлды дұрыс өңдеу мүмкіндігі болмаған кезде) Биржа бұл туралы сатушыны хабардар етеді.

6. Сатушы анықталған сәйкессіздіктерді немесе зақымдануларды мәмілелер жасалатын жұмыс күнінен кешіктірілмейтін мерзімде түзетуге және қанағаттандырылған өтінімдер тізілімі бар түзетілген файлды Биржаға беруге міндетті.

Егер Биржа белгіленген мерзімде қанағаттандырылған өтінімдер тізілімі бар түзетілген файлды алмаған жағдайда, ол жазылымды өтпеді деп жариялайды.

10 бап. Орталық депозитарий арқылы есеп айырысу

1. Есеп айырысуды жүзеге асыру үшін сатушы оларды жүзеге асыру басталғанға дейін Орталық депозитарийдегі KASE бөліміндегі сатушының қосалқы шотындағы бағалы қағаздардың қажетті санын қамтамасыз етеді.
2. ОК-мен сауда-саттық тәртіптемесінде жазылу жүргізілген жағдайда сатып алушы қамтамасыз етуді тексеру уақыты басталғанға дейін клирингтік ұйымының Орталық депозитарийдегі корреспонденттік шотындағы жеткілікті ақша сомасын қамтамасыз етеді *(осы абзац Биржаның Директорлар кеңесінің 2023 жылдың 26 шілдесіндегі шешімімен өзгертілген)*.

ОК-сыз сауда-саттық тәртіптемесінде жазылым жүргізілген жағдайда Сатып алушы есеп айырысуды жүзеге асыру уақытына дейін Орталық депозитарийдегі немесе "Қазақстан банкаралық есеп айырысу орталығы"

РМК-ның банкаралық ақша аудару жүйесіндегі (бұдан әрі – БААЖ) өзінің банк шоттарындағы ақшаның жеткілікті сомасын қамтамасыз етеді.

3. Биржа қанағаттандырылған өтінімдер тізіліміне сәйкес сауда-клирингтік мәмілелер жүйесінде олардың негізінде клирингтік ұйым осы мәмілелерді тіркеуге бұйрықтар ақпаратізімін қалыптастырады және мәмілелер бойынша есеп айырысуды жүзеге асыру үшін оны Орталық депозитарийге жібереді *(осы тармақ Биржаның Директорлар кеңесінің 2023 жылдың 26 шілдесіндегі шешімімен өзгертілген)*.
4. ОК-мен сауда-саттық тәртіптемесінде жазылу бойынша жасалған мәмілелерге клирингтік қызметті жүзеге асыру тәртібін регламенттейтін клирингтік ұйымының ішкі құжатында белгіленген тәртіппен неттинг тәсілін пайдалануды көздейтін нетто-негіздегі клиринг процедуралары қолданылады.

Мәмілелерден туындайтын талаптар мен міндеттемелер тиісінше есеп айырысуды жүзеге асыру күніндегі нетто-талаптар мен нетто-міндеттемелердің есебіне енгізіледі.

Мәмілелер бойынша есеп айырысуды жүзеге асыру тәртібі Биржаның "Орталық контрагенттің қатысуымен бағалы қағаздармен мәмілелер жасау тәртібі" атты ішкі құжатына және орталық контрагенттің қатысуымен қор нарығында жасалатын бағалы қағаздармен мәмілелер бойынша ақшамен есеп айырысу талаптары мен тәртібін анықтайтын клирингтік ұйымының ішкі құжатына сәйкес жүзеге асырылады.

(Осы тармақ Биржаның Директорлар кеңесінің 2023 жылдың 26 шілдесіндегі шешімімен өзгертілген)

5. ОК-сыз сауда-саттық тәртіптемесінде жазылу бойынша жасалған мәмілелерге Биржаның "Орталық контрагенттің қатысуынсыз бағалы қағаздармен мәмілелер жасау және олар бойынша есеп айырысуды жүзеге асыру тәртібі (гросс-есеп айырысу)" атты ішкі құжатына сәйкес жеке әрбір жасалған мәміле бойынша талаптар мен міндеттемелердің орындалуын көздейтін гросс-негіздегі клиринг процедуралары қолданылады *(осы тармақ Биржаның Директорлар кеңесінің 2023 жылдың 26 шілдесіндегі шешімімен өзгертілген)*.
6. Орталық депозитарий сауда-саттық тәртіптемесінде ОК-сыз жазылымды жүргізген кезде сатып алушының барлық мәмілелері бойынша есеп айырысуды жүзеге асырудан мынадай жағдайларда бас тартады:
 - 1) Орталық депозитарийде немесе БААЖ-да ашылған сатып алушының банк шотында осындай сатып алушының барлық мәмілелері бойынша есеп айырысуды жүзеге асыру үшін жеткілікті мөлшерде ақшаның болмауы;
 - 2) есеп айырысуды жүргізу күні жазылым шарттарында белгіленген есеп айырысуды жүргізу кезеңіне сәйкес келмейді;
 - 3) Биржа Орталық депозитарийдің сатушы белгілеген критерийлер бойынша тексерулерді жүзеге асыруға және осы Ережелердің 3 бабының 3 тармағында көзделген инвесторлардың деректемелері туралы қосымша ақпарат беруге келісімін алмады *(осы тармақша Биржаның Директорлар кеңесінің 2023 жылдың 26 шілдесіндегі шешімімен өзгертілген)*;
 - 4) Орталық депозитарийдің ережелер жинағында анықталған өзге де жағдайларда.
- 6-1. Жасалған мәмілелер бойынша есеп айырысуды жүзеге асыру уақыты жазылуды жүргізу параметрлеріне және Қазақстан Республикасының заңнамасына, оның ережелерінің жиынтығына және жазылуды жүргізу шарттарына сәйкес Орталық депозитарий тарапынан тексеру жүргізу

қажеттілігіне байланысты болады *(осы тармақ Биржаның Директорлар кеңесінің 2023 жылдың 26 шілдесіндегі шешімімен енгізілген)*.

7. Биржа мәмілелер бойынша есеп айырысуларды жүзеге асыру күні мәмілелер бойынша биржалық куәліктерді қалыптастырады және сатушы мен сатып алушыларға береді, сондай-ақ жеке орналастыруға жататын бағалы қағаздар бойынша Биржа өзінің интернет-ресурсында қандай да бір ақпаратты жарияламайтын жазылымды қоспағанда, жазылымды өткізу қорытындылары туралы хабарламаны өзінің интернет-ресурсында жариялайды.

11 бап. Орталық депозитарийден басқа өзге ұйым арқылы есеп айырысуларды жүзеге асырудың ерекшеліктері

1. Орталық депозитарийден басқа өзге ұйым арқылы есеп айырысуларды жүзеге асыру кезінде Биржа есеп айырысуларды жүзеге асыруға қатыспайды және осындай есеп айырысуларға байланысты қандай да бір қызметтер көрсетпейді, сондай-ақ мәмілелер бойынша биржалық куәліктерді қалыптастырмайды және сатушы мен сатып алушыларға бермейді.

Жеке орналастыруға жататын бағалы қағаздар бойынша жазылым жүргізу кезінде Биржа жазылым шеңберінде мәмілелер жасалатын инвесторлардың саны бойынша шектеуді сақтау үшін жауапты болмайды.

2. Сатушы немесе сатып алушы жазылуды жүргізу кезінде жасалған мәміле бойынша өз міндеттемелерін орындамаған және есеп айырысулар Орталық депозитарийден басқа ұйым арқылы жүзеге асырылатын жағдайда, тараптардың залалды өтеу жөніндегі бір-біріне қойылатын талаптары Биржаның және клирингілік ұйымның қатысуынсыз қанағаттандырылады *(осы тармақ Биржаның Директорлар кеңесінің 2023 жылдың 26 шілдесіндегі шешімімен өзгертілген)*.
3. Қанағаттандырылған өтінімдер тізілімінің негізінде Биржа сауда-клирингілік жүйесі арқылы сатып алушыларды олардың өтінімдерін толық немесе ішінара қанағаттандыру туралы не осы өтінімдерді қанағаттандырудан бас тарту туралы хабардар етеді.
4. Сатушы мәмілелер бойынша есеп айырысуды жүзеге асырған күннен кейінгі жұмыс күнінен кешіктірмей биржаға осы Ережелердің 3 қосымшасының нысаны бойынша жазылым жүргізу қорытындылары туралы хабарлама береді.
5. Биржа сатушыдан осы баптың 3 тармағына сәйкес хабарлама алып, өзінің интернет-ресурсында осындай жазылым жүргізу туралы қандай да бір ақпаратты жарияламайтын жеке орналастыруға жататын бағалы қағаздар бойынша жазылымды қоспағанда, жазылымды өткізу қорытындылары туралы хабарламаны жариялайды.

12 бап. Жасалған мәмілелер бойынша міндеттемелерді орындамағаны үшін жауаптылық

1. ОК-мен сауда-саттық тәртіптемесінде жазылуды жүргізу кезінде жасалған мәміле бойынша тараптардың өз міндеттемелерін орындамау жағдайларын реттеу клирингілік ұйымның ішкі құжаттарына сәйкес дефолттарды реттеу процедураларына сәйкес жүзеге асырылады *(осы тармақ Биржаның Директорлар кеңесінің 2023 жылдың 26 шілдесіндегі шешімімен өзгертілген)*.
2. Сатып алушы немесе сатушы сауда-саттық тәртіптемесінде сауда-саттық тәртіптемесінсіз жазылу жүргізу кезінде жасалған мәміле бойынша өз міндеттемелерін орындамаған жағдайда, мұндай мәміле осы Ережелердің

11 бабының 2 тармағында белгіленген ерекшеліктер ескеріле отырып, бұзылды деп танылады. Бұл ретте осындай мәміленің зардап шеккен тарапы осы мәміле бұзылды деп танылған күннен кейінгі бес жұмыс күні ішінде биржаға мәміленің кінәлі тарапына тұрақсыздық айыбын (айыппұлды) төлеу туралы талаптардың бар екендігі туралы хабарлама жібереді.

Белгіленген мерзімде мұндай хабарламаның болмауын Биржа мәміленің зардап шеккен тарапының тұрақсыздық айыбын (айыппұлды) төлеу туралы талаптарының жоқтығы деп бағалайды.

Мәміленің зардап шеккен тарапында кінәлі тарапқа тұрақсыздық айыбын (айыппұлды) төлеу туралы талаптар болған кезде кінәлі тарапқа мәміле бойынша контрагентке орындалмаған мәміле сомасының 0,1 %-ы мөлшерінде тұрақсыздық айыбын (айыппұлды) төлеу міндеттемесі жүктеледі.

3. Осы баптың 2 тармағының бірінші абзацында қарастырылған хабарламаны алған күннен кейінгі екінші жұмыс күнінен кешіктірілмейтін мерзімде Биржа мәміленің кінәлі тарапына тұрақсыздық айыбын (айыппұлды) төлеу қажеттігі туралы хабарлама жібереді.
4. Мәміленің кінәлі тарапы осы баптың 3 тармағында көзделген хабарламаны алған күннен кейінгі бесінші жұмыс күнінен кешіктірмейтін мерзімде тұрақсыздық айыбы (айыппұл) сомасын Биржаның Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкінде ашылған корреспонденттік шотына аударады *(осы тармақ Биржаның Директорлар кеңесінің 2023 жылдың 26 шілдесіндегі шешімімен өзгертілген)*.
5. Биржа осы баптың 4 тармағына сәйкес Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкінде ашылған Биржаның корреспонденттік шотына тұрақсыздық айыбы (айыппұл) сомасы түскен күннен кейінгі екі жұмыс күні ішінде мәміленің зардап шеккен тарапына осы тұрақсыздық айыбы (айыппұл) сомасын аударады *(осы тармақ Биржаның Директорлар кеңесінің 2023 жылдың 26 шілдесіндегі шешімімен өзгертілген)*.
6. Орындалмаған мәміле тараптарында осы баптың 2 тармағының үшінші абзацында көзделген тұрақсыздық айыбын (айыппұлды) төлеу мәселесі бойынша келіспеушіліктер болған кезде, сауда-саттыққа қатысушылардың әрқайсысы осы мәміле жасалған күннен бастап бес жұмыс күні ішінде даулар мен жанжалдарды шешу жөніндегі комиссияға тұрақсыздық айыбын (айыппұлды) төлеу мәселесі бойынша келіспеушіліктерді реттеу туралы өтінішпен жүгінуге құқылы.

13 бап.

Қорытынды ережелер

1. Осы Ережелерге өзгертулердің және/немесе толықтырулардың уақтылы енгізілуі (өзектілендіру) үшін жауапкершілік Биржадағы сауда-саттықты ұйымдастыруды қамтамасыз ететін құрылымдық бөлімшеге жүктеледі.
2. Осы Ережелер қажеттілігіне қарай, бірақ осы Ережелер қолданысқа енгізілген күннен бастап есептелетін әрбір үш жылда кемінде бір рет өзектілендіруге жатады.

Бағалы қағаздарға
жазылым жүргізу
ережелеріне
1 қосымша

**Бағалы қағаздарға жазылым жүргізуге
ӨТІНІШ**

("қор" санатындағы Биржа мүшесінің толық атауы)

көрсетілген параметрлермен және келесі шарттармен [бағалы қағаздардың атауы] жазылым жүргізуді ұйымдастыруды сұрайды:

ЖАЗЫЛЫМ ПАРАМЕТРЛЕРІ		
1.	Бағалы қағаздар эмитентінің толық атауы	
2.	Бағалы қағаздардың түрі	
3.	Бағалы қағаздардың ISIN (бар болса)	
4.	Жазылу бойынша орналастырылатын/сатылатын бағалы қағаздардың саны (борыштық бағалы қағаздар үшін – шығарылым валютасында жазылым бойынша орналастырылатын/сатылатын борыштық бағалы қағаздардың жиынтық номиналды көлемі)	
5.	Бір бағалы қағаздың бағасы ⁴	
6.	Сатушының қосалқы шотының түрі	
7.	Сатушының қосалқы шотының нөмірі	
ЖАЗЫЛЫМ ШАРТТАРЫ		
1.	Өтінімдерді қабылдау кезеңінің басталу күні	
2.	Өтінімдерді қабылдау кезеңінің аяқталу күні	
3.	Өтінімдерді қабылдаудың басталу уақыты	
4.	Өтінімдерді қабылдаудың аяқталу уақыты	
5.	Өтінімдерді растау кезеңі	
6.	Нарықтық өтінімдерді қабылдау	<input type="checkbox"/> иә <input type="checkbox"/> жоқ
7.	Қамтамасыз етудің жеткіліктілігін тексеру ⁵	өтінім берген сәтте <input type="checkbox"/> белгіленген күні мен уақытында КК.АА.ЖЖ <input type="checkbox"/> <input type="checkbox"/> : <input type="checkbox"/> <input type="checkbox"/>

⁴ Бір бағалы қағаздың бағасы жазылу бойынша орналастырылатын/сатылатын сатушының қалауы бойынша көрсетіледі.

⁵ ОК-пен сауда-саттық тәртіптемесінде жазылуды жүргізу кезінде ғана толтырылады.

Бағалы қағаздарға жазылым жүргізудің ережелері

8.	Өтінімдерді іске қосу күні мен уақыты	
9.	Сауда-саттық тәртіптемесі	<input type="checkbox"/> ОК-пен <input type="checkbox"/> ОК-сыз
10.	Есеп айырысуды жүзеге асыру валютасы	<input type="checkbox"/> теңге <input type="checkbox"/> АҚШ доллары
11.	Өтінімдердің сатушы белгілеген критерийлерге сәйкестігін тексеру қажеттілігі	<input type="checkbox"/> иә <input type="checkbox"/> жоқ
11.1.	Өтінімдерді тексерудің 1 критерийі	
11.2.	Өтінімдерді тексерудің 2 критерийі	
...	...	
11.n.	Өтінімдерді тексерудің n критерийі	
12.	Қабылданған өтінімдер тізілімінде инвесторлардың деректемелері бойынша қосымша ақпарат беруге сұрау салу (<i>осы ұяшықтың мәтіні Биржаның Директорлар кеңесінің 2023 жылдың 01 наурызындағы және 2023 жылдың 26 шілдесіндегі шешімімен өзгертілген</i>)	<input type="checkbox"/> иә <input type="checkbox"/> жоқ
12.1.	Қосымша ақпарат 1: инвестор – жеке тұлғаның тегі, аты, әкесінің аты (бар болса) немесе инвестор – заңды тұлғаның атауы	<input type="checkbox"/> иә <input type="checkbox"/> жоқ
12.2.	Қосымша ақпарат 2: инвестор – жеке тұлғаның жеке сәйкестендіру нөмірі (ЖСН) немесе инвестор – заңды тұлғаның бизнес сәйкестендіру нөмірі (БСН)	<input type="checkbox"/> иә <input type="checkbox"/> жоқ
12.3.	Қосымша ақпарат 3: инвестор – жеке тұлғаның азаматтығы немесе инвестор – заңды тұлғаны заңды тұлға ретінде тіркеу оның заңнамасына сәйкес жүзеге асырылған мемлекет	<input type="checkbox"/> иә <input type="checkbox"/> жоқ
12.4.	Қосымша ақпарат 4: инвестор – жеке тұлғаның жеке басын куәландыратын немесе инвестор – заңды тұлғаның заңды тұлға ретінде тіркелгенін растайтын құжаттың атауы мен деректемелері (нөмірі, берілген күні, берілген органның атауы)	<input type="checkbox"/> иә <input type="checkbox"/> жоқ
12.5.	Қосымша ақпарат 5: инвестор-жеке тұлғаның тұрғылықты жері (әкімшілік-аумақтық бірлігін көрсете отырып) немесе инвестор-заңды тұлғаның мекен-жайы ⁶	<input type="checkbox"/> иә <input type="checkbox"/> жоқ

⁶ Инвестор – заңды тұлғаның мекен-жайы ретінде оның орналасқан жерінің мекен-жайы немесе нақты мекен-жайы (егер ол осы тұлғаның орналасқан жерінің мекен-жайынан өзгеше болса) немесе пошталық мекен-жайы (егер ол осы тұлғаның нақты мекен-жайынан өзгеше болса) көрсетіледі.

Бағалы қағаздарға жазылым жүргізудің ережелері

12.6.	Қосымша ақпарат 6: Орталық депозитарийдің есепке алу жүйесінде бар және бағалы қағаздар нарығында коммерциялық құпияны құрайтын инвестор туралы өзге ақпарат	<input type="checkbox"/> иә <input type="checkbox"/> жоқ
13.	Қабылданған өтінімдер тізілімін ұсыну күні	
14.	Қанағаттандырылған өтінімдер тізілімін ұсыну күні	
15.	Сатып алушылардың өтінімдерін қанағаттандыру рәсімі аяқталғаннан кейін мәмілелер бойынша есеп айырысуды жүзеге асыратын ұйым	<input type="checkbox"/> Орталық депозитарий <input type="checkbox"/> өзге ұйым
16.	Мәмілелерді жасау күні мен уақыты	
17.	Есеп айырысуды жүзеге асыру күні мен уақыты	
18.	Басқа жазылу шарттары	

[Сатушының атқарушы органы
басшысының лауазымы]

[қолы]

[инициалдары, тегі]

**Қабылданған/қанағаттандырылған өтінімдердің
ТІЗІЛІМІ**

- Ескерту:**
- 1) сатушы осы ақпаратты бағалы қағаздарға жазылым жүргізуге берген өтінішінде сұратқан жағдайда 11-17-бағандар толтырылады;
 - 2) бағалы қағаздарды сатып алушылар туралы қосымша ақпарат алу қажет болған кезде артық бағандарды алып тастауға немесе жаңа бағандарды қосуға жол беріледі.

№ р/с	Өтінім нөмірі	Өтінімді беру күні мен уақыты	Қабылданған өтінімнің параметрлері				Қанағаттандырылған өтінімнің параметрлері				Инвестордың контактілері	Инвестордың контактілері	Инвестордың резиденттігі (жеке тұлғаның азаматтығы/ заңды тұлғаны тіркеу елі)	ЖСН / БСН	Инвестор бойынша өзге қосымша ақпарат	Сатып алушының атауы	Сатып алушының контактілері
			бағасы*	кірістілігі*	саны	көлемі	бағасы*	Кірістілігі*	саны	көлемі*							
A	1	2	3	4	5	6	7	8	9	10	11	12	13	14	15	16	17
1.																	
2.																	
...																	
БАРЛЫҒЫ:		X	X	X			X	X			X	X	X	X	X	X	X

*** Толтыру бойынша нұсқаулар.**

1. 3 және 7 бағандар. Борыштық бағалы қағаздарға жазылуды жүргізу кезінде баға осы бағалы қағаздарға жазылым жүргізуге берілген өтініште келтірілген параметрлерге сәйкес көрсетіледі.
2. 4 және 8 бағандар. ТКірістілік борыштық бағалы қағаздарға жазылым жүргізілгенде кезінде көрсетіледі.
3. 10 баған. Сатып алушы ақша көлемі бойынша берген нарықтық өтінім үшін сатушы қанағаттандыруға жататын бағалы қағаздардың санын дербес анықтайды. Бұл ретте ақша көлемі сатып алушының өтінімінде көрсетілген көлемнен аспауы тиіс.
4. 13 баған. Сатып алушы – жеке тұлғаның азаматтық мемлекеті немесе сатып алушы – заңды тұлғаның мемлекеттік немесе соған ұқсас тіркеу мақсаты бойынша мемлекеті.
5. 14 баған. Қазақстан Республикасының азаматтары мен заңды тұлғалары үшін: сатып алушы – жеке тұлғаның ЖСН немесе сатып алушы – заңды тұлғаның БСН. Шетелдік азаматтар мен заңды тұлғалар үшін Қазақстан Республикасының азаматтары мен заңды тұлғаларының ЖСН мен БСН-ге ұқсас немесе өз мақсаты бойынша ұқсас сәйкестендіру нөмірлері көрсетіледі.

Бағалы қағаздарға жазылым жүргізудің ережелері

Бағалы қағаздарға
жазылым жүргізу
ережелеріне

3 қосымша

_____ жазылым нәтижелері,
(бағалы қағаздардың атауы)

Жазылым өткен уақыты:

- 1) "___" _____ 20__ жылы, немесе
- 2) "___" _____ 20__ жылдан бастап "___" _____ 20__ жылға дейін.

№ р/с	Параметрдің атауы	Параметрдің көрсеткіші
1.	Есеп айырысуды жүргізу күні	
2.	Бір бағалы қағаздың бағасы	
3.	Қабылданған өтінімдердің жалпы көлемі (егер жазылым бір мезгілде Биржада және шет мемлекеттің аумағында жүргізілген жағдайда)	
4.	Биржа арқылы қабылданған өтінімдердің жалпы көлемі	
5.	Қанағаттандырылған өтінімдердің жалпы көлемі (егер жазылым бір мезгілде Биржада және шет мемлекеттің аумағында жүргізілген жағдайда)	
6.	Биржа арқылы берілген қанағаттандырылған өтінімдердің жалпы көлемі	

[Сатушының атқарушы органы
басшысының лауазымы]

[қолы]

[инициалдары, тегі]